

FTAXP 06.58.45
ӘОЖ 330.322 (574)
JEL E22

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2026-1-1-58-74>

БАРЛЫКОВ Е.К.,*¹

Э.Ғ.К., қауымдастырылған профессор.
*e-mail: barlykov.yerbolat@kaznaru.edu.kz
ORCID ID: 0000-0002-2248-7310

АБДИБЕКОВ С.У.,¹

Э.Ғ.К., қауымдастырылған профессор.
e-mail: Saken_Abdibekov@mail.ru
ORCID ID: 0000-0002-9926-9450

САУРУКОВА А.К.,¹

Э.Ғ.К., қауымдастырылған профессор.
e-mail: aika_s08@mail.ru
ORCID ID: 0000-0002-7463-0545

БАКИРБЕКОВА А.М.,¹

Э.Ғ.К., профессор.
e-mail: aigul.bakirbek@mail.ru
ORCID ID: 0000-0002-0981-8306

¹Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ РОЛІ

Андатпа

Мақалада Қазақстан Республикасындағы шетелдік инвестициялардың экономикалық даму үдерісіне ықпалы жан-жақты талданады. Зерттеуде шетелдік капиталдың индустриялық-инновациялық өсуге, өндірістік инфрақұрылымды жаңғыртуға, заманауи технологиялар мен басқару тәжірибесін енгізуге қосқан үлесі қарастырылады. Инвестициялық саясаттың құқықтық-нормативтік базасы мен қолдау тетіктері сараланып, тікелей шетелдік инвестициялардың құрылымдық ерекшеліктері және негізгі бағыттары анықталады. Сонымен бірге шетелдік инвестициялардың экономикалық өсімге тигізетін оң әсерімен қатар, ұлттық қауіпсіздік, капиталдың сыртқа әкетілуі және отандық өндірістің бәсекеге қабілеттілігіне байланысты туындайтын тәуекелдер көрсетіледі. Зерттеу нәтижелері шетелдік инвестицияларды тиімді басқару қазақстан экономикасын әртараптандыру мен тұрақты дамуды қамтамасыз етудің маңызды факторы екенін айқындайды. Шетелдік инвестициялар инфрақұрылымды жаңғыртуды, технологияларды енгізуді, қаржы секторы мен адами капиталды дамытуды ынталандыра отырып, Қазақстан экономикасына айтарлықтай оң әсер етеді. Алайда, шикізат салаларына тәуелділік елді сыртқы күйзелістерге осал етеді, әсіресе 2024 ж. бұл ТШИ ағынының жақында қысқаруымен және капиталдың кетуімен расталады, Тұрақты өсу үшін Қазақстанға өңдеуші өнеркәсіпке, цифрлық экономикаға және көлік дәліздеріне ұзақ мерзімді капиталды тарта отырып, салымдарды әртараптандыру, сондай-ақ инвестициялық климаттың тұрақтылығын арттыру қажет. Қазақстанның экономикалық дамуындағы шетелдік инвестициялардың ролі мен маңыздылығы макроэкономикалық және құрылымдық әсерлерлер беру арқылы жобалар ұлттық инфрақұрылымды жан-жақты жаңғыртуға, өнеркәсіптік әлеуетті нығайтуға және ішкі және сыртқы сауда жағдайларын жақсартуға ықпал ететін зауыттар, көлік тораптары мен энергетикалық нысандар салу сияқты салаларды қамтиды. Инфрақұрылымды қайта құру және технологиялық дамуда магистральдық құбырларды салуға, теміржол желілерін жаңғыртуға және логистикалық тораптарды құруға инвестициялар Қазақстанның энергетикалық және көліктік байланыстарын нығайтуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ жаңа энергия, күн және жел электростанциялары, цифрлық инфрақұрылымда жоғары деңгейде даму үстінде. Зерттеу нәтижелерінің ғылыми және практикалық маңыздылығы бойынша ұсынылған ұсыныстар мемлекеттік бағдарламаларды дайындауға және жекелеген ұйымдарға да пайдалы болады деп есептейміз.

Тірек сөздер: шетелдік инвестициялар, ұлттық экономика, микроэкономика, макроэкономика, мемлекеттік облигациялар, инвестициялық саясат, экономикалық өсу, тікелей инвестициялар.

Кіріспе

Қазақстанда шетелдік инвестициялар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына маңызды ықпал етеді. Бұл, әрине, мұнай-газ сияқты стратегиялық салаларды да қамтиды. Елдің бай табиғи ресурстары – ірі мұнай және газ қорлары – шетелдік капиталды тиімді тартуды қажет етеді. Жалпы экономикалық өсуге инвестициялардың қосатын зор үлесімен қатар, олар қазақстандықтардың өмір сүру сапасын жақсартуға да тікелей әсер етеді.

Қазақстан тәуелсіздік жылдары, яғни шамамен отыз жыл ішінде, ел экономикасына 440 млрд доллардан астам тікелей шетелдік инвестиция тартты. Ең ірі инвестиция салушылар ретінде Нидерланды, АҚШ, Швейцария, Қытай және Ресей сияқты ірі мемлекеттер көрсетіледі. Статистикалық деректерге сүйенсек, шетелдік капитал үшін ең тартымды және тиімді салаларға тау-кен өндірісі мен өңдеу, көтерме және бөлшек сауда, сондай-ақ көлік пен қойма қызметтері жатады.

2024 ж. Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялар көлемі 17,2 млрд АҚШ долларын құрады. Инвестициялардың басым бөлігі тау-кен өнеркәсібі, сауда және өңдеу салаларына бағытталып, жақсы көрсеткіштерге қол жеткізді.

2024 ж. ТШИ жалпы көлемі 17,2 млрд АҚШ долларын құрады. 2023 ж. бұл көрсеткіш 23,9 млрд АҚШ долларын, ал 2022 ж. соңғы 10 жылдағы рекордтық деңгейге жетіп, 28 млрд АҚШ долларын құрады.

Қазақстанға негізгі инвестицияларды салушы елдер қатарында Нидерланды, АҚШ, Швейцария, Ресей және Қытай көшбасшы болып табылады.

Геосаяси өзгерістерге қарамастан, 2023 ж. Ресей инвестиция көлемін едәуір арттырса да, 2024 ж. Ресейден келетін инвестициялар 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 51,8%-ға өсті.

Тау-кен өнеркәсібі – инвестициялардың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Көтерме және бөлшек сауда саласы да айтарлықтай қаржылық тартылымға ие. Өңдеу өнеркәсібі, әсіресе Оңтүстік Корея, Франция, Ұлыбритания, Германия және Бельгиядан инвестицияларды тартады.

2024 ж. 2023 жылмен салыстырғанда инвестициялар 28% төмендегеніне қарамастан, Қазақстан тартымды инвестициялық ортаны сақтап, тікелей шетелдік инвестицияларды тарту бойынша көшбасшылардың қатарында қала береді. 2023 ж. Қазақстан ХВҚ мен FDI Intelligence деректері бойынша макроэкономикалық даму және тікелей шетелдік инвестициялар тарту рейтингінде алтыншы орынға ие болды. 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында Сингапурдан келетін инвестициялар көлемі екі есе артуы байқалды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында тікелей шетелдік инвестицияларды талдау үшін қолданылатын негізгі статистикалық әдістер мыналар:

Сипаттамалық статистика. Ол тікелей шетелдік инвестициялардың динамикасы мен құрылымын бастапқы бағалау үшін пайдаланылады: орташа мән, медиана, мода; минимум және максимум; дисперсия және стандартты ауытқу; өсу көрсеткіштері мен өсу қарқыны; сондай-ақ елдер, салалар және инвестиция нысандары бойынша құрылымдық үлестер.

Формула 1. Орташа мән (арифметикалық орта):

$$\bar{X} = \frac{\sum_{i=1}^n x_i}{n} \quad (1)$$

Мұнда

x_i – жеке мәндер,

n – бақылаулар саны.

Формула 2. Медиана (Me)

Орналасқан деректердің ортасындағы мән:

Егер n тақ болса → медиана = ортасындағы мән.

Егер n жұп болса → медиана = екі орталық мәнің орташа арифметикалық шамасы.

Формула 3. Мода (Mo)

Ең жиі кездесетін мән.

Мысалы, жиілік кестесінде ең үлкен жиілікке ие мән – мода.

Формула 4. Дисперсия (σ^2):

$$\sigma^2 = \frac{\sum_{i=1}^n (x_i - \bar{X})^2}{n} \quad (2)$$

– деректердің ортадан қаншалықты ауытқитынын көрсетеді.

Формула 5. Стандартты ауытқу (σ):

$$\sigma = \sqrt{\frac{\sum_{i=1}^n (x_i - \bar{X})^2}{n}} \quad (3)$$

Формула 6. Вариация коэффициенті (CV):

$$CV = \frac{\sigma}{\bar{X}} \times 100\% \quad (4)$$

– деректердің салыстырмалы өзгергіштігін көрсетеді.

Формула 7. Ассиметрия коэффициенті (A):

$$A = \frac{\sum (x_i - \bar{X})^3 / n}{\sigma^3} \quad (5)$$

– таралудың біржақтылығын сипаттайды (оң не теріс асимметрия).

Формула 8. Эксцесс коэффициенті (E):

$$E = \frac{\sum (x_i - \bar{X})^4 / n}{\sigma^4} - 3 \quad (6)$$

Динамика қатарлары (time series Analysis). Жылдар/тоқсандар бойынша ТШИ талдау үшін қолданылады:

Негізгі және тізбекті өсу қарқыны. Жылжымалы орташа. Тренд сызықтары (сызықтық, экспоненциалды, көпмүшелік). Маусымдық ыдырау.

1. Динамика қатарының құрылымы.

Динамика қатары екі элементтен тұрады:

1. Уақыт көрсеткіші (t) – жыл, ай, тоқсан және т.б.

2. Көрсеткіштің мәні (y) – зерттелетін шаманың саны.

2. Негізгі формулалар

Формула а). Абсолюттік өсім (Δ):

$$\Delta = y_t - y_{t-1} \quad (7)$$

– көрсеткіштің қаншаға өзгергенін көрсетеді.

Формула б). Салыстырмалы өсім (өсу қарқыны):

$$T = \frac{y_t}{y_{t-1}} \quad (8)$$

немесе пайызбен:

$$T\% = \frac{y_t}{y_{t-1}} \times 100\% \quad (9)$$

Формула в). Өсу қарқынының коэффициенті:

$$K_{\text{есу}} = \frac{y_t}{y_0}$$

– бастапқы кезеңмен салыстырғандағы өсу қарқыны.

Формула г). Өсу қарқыны (пайызбен):

$$T_{\text{өсу}} = \frac{y_t - y_{t-1}}{y_{t-1}} \times 100\% \quad (10)$$

Формула д). Орташа абсолюттік өсім:

$$\bar{\Delta} = \frac{y_n - y_1}{n - 1} \quad (11)$$

Формула е). Орташа өсу қарқыны
Геометриялық орта арқылы есептеледі:

$$\bar{T} = \sqrt[n-1]{\frac{y_n}{y_1}} \quad (12)$$

немесе пайызбен:

$$\bar{T}\% = \left(\sqrt[n-1]{\frac{y_n}{y_1}} - 1 \right) \times 100\%$$

Корреляциялық талдау. Тікелей шетеллік инвестицияның басқа факторлармен байланысын анықтауға мүмкіндік береді:

Тікелей шетелдік инвестицияның ЖІӨ, инфляция, экспорт, капитал ағынымен байланысы. Пирсон, Спирмен Коэффициенттері. Корреляция матрицасы.

1. Корреляцияның мәні

Егер бір шаманың мәні артқанда екіншісі де артса – оң корреляция (+).

Егер бір шаманың мәні артқанда екіншісі кемісе – теріс корреляция (-).

Егер бір шаманың өзгеруі екіншісіне әсер етпесе – байланыс жоқ ($r \approx 0$).

Негізгі формула (Пирсон корреляция коэффициенті)

$$r = \frac{\sum(x_i - \bar{x})(y_i - \bar{y})}{\sqrt{\sum(x_i - \bar{x})^2 \cdot \sum(y_i - \bar{y})^2}} \quad (13)$$

мұнда:

x_i, y_i – жеке мәндер,

\bar{x}, \bar{y} – олардың орташа мәндері,

r – корреляция коэффициенті.

3. Корреляция коэффициентінің интерпретациясы

r мәні	Байланыс күші
$0 \leq r < 0.3$	Әлсіз байланыс
$0.3 \leq r < 0.7$	Орташа байланыс
$0.7 \leq r \leq 1$	Күшті байланыс
$r = 0$	Байланыс жоқ
$r < 0$	Теріс (кері) байланыс

4. Қысқартылған формула (есептеуде ыңғайлы):

$$r = \frac{n \sum xy - (\sum x)(\sum y)}{\sqrt{[n \sum x^2 - (\sum x)^2][n \sum y^2 - (\sum y)^2]}} \quad (14)$$

5. Байланыстың түрлері

Сызықтық корреляция – түзудің бойымен (Пирсон коэффициенті).

Сызықтық емес (қисық) – басқа түрдегі (квадраттық, экспоненциалды) байланыс.

Жай корреляция – екі айнымалының байланысы.

Көптік корреляция – бірнеше фактор арасындағы байланыс.

Регрессиялық талдау. Түсіндіру және болжау үшін қолданылады:

Сызықтық регрессия ($FDI = f(\text{ЖІӨ, инфляция, еп экспорты})$). Бірнеше регрессия. Панельдік модельдер (егер елдер салыстырылса). Логсызықтық модельдер (мәндерді логарифмдеу).

1. Мақсаты

Регрессиялық талдау арқылы:

- ♦ фактор мен нәтижелік көрсеткіш арасындағы тәуелділік бағыты мен күші анықталады;
- ♦ болжам (прогноз) жасауға болады.

Негізгі формула (сызықтық регрессия теңдеуі)

$$Y = a + bX \quad (15)$$

мұнда:

- ♦ Y – нәтижелік айнымалы (мысалы, ЖІӨ),
- ♦ X – факторлық айнымалы (мысалы, тікелей шетелдік инвестициялар),
- ♦ a – тұрақты шама (интерцепт),
- ♦ b – регрессия коэффициенті (X -тің Y -ке әсер дәрежесі).

3. Регрессия коэффициенттерін есептеу формулалары

$$b = \frac{n \sum xy - (\sum x)(\sum y)}{n \sum x^2 - (\sum x)^2}$$
$$a = \frac{\sum y - b \sum x}{n} \quad (16)$$

4. Интерпретация

- ♦ Егер $b > 0$ $b > 0$ $b > 0 \rightarrow X$ артқанда Y да артады (оң байланыс).
- ♦ Егер $b < 0$ $b < 0$ $b < 0 \rightarrow X$ артқанда Y кемиді (теріс байланыс).
- ♦ $a = 0$ болған кездегі Y шамасы.

Құрылымдық талдау. Тікелей шетелдік инвестицияларды тарату үшін қолданылады:

Донор елдер бойынша. Экономика секторлары бойынша. Нысандар бойынша (greenfield, M & A, пайданы қайта инвестициялау) Ел ішіндегі аймақтар бойынша. Құрылымдық талдаудың мәні

Негізгі формулалар

а) Үлес салмақ (құрылымдық көрсеткіш):

$$d_i = \frac{x_i}{\sum x_i} \times 100\% \quad (17)$$

мұнда:

- x_i – жеке элементтің көлемі,
- $\sum x_i$ – барлық элементтердің жиынтық көлемі,
- d_i – элементтің жалпы көлемдегі үлесі (%).

б) Құрылымдық өзгеріс индексі (Δd):

$$\Delta d_i = d_{i1} - d_{i0} \quad (18)$$

\rightarrow элементтің үлесі қаншалық өзгергенін көрсетеді (пайыздық пунктпен).

в) Жалпы құрылымдық өзгеріс коэффициенті:

$$K_{\text{құрылым}} = \frac{1}{2} \sum |d_{i1} - d_{i0}| \quad (19)$$

\rightarrow құрылымның қаншалықты өзгергенін сипаттайды
(0 = өзгеріс жоқ, 1 = түбегейлі өзгеріс).

Кластерлік талдау. Тікелей шетелдік инвестицияларды тарту деңгейі бойынша елдерді немесе салаларды топтастыру: К-орташа әдісі. Иерархиялық кластерлеу. Компоненттік талдау (PCA). Ол факторларды азайту және тікелей шетелдік инвестициялардың негізгі детерминанттарын анықтау үшін қолданылады. тікелей шетелдік инвестицияларды болжау.

Әдістері: Трендті экстраполяциялау. Арима модельдері. Экспоненциалды тегістеу. Регрессиялық болжамдар. Визуализация және аналитика. Диаграммалар (бағаналы, сызықты,

дөңгелек). Жылу карталары (heatmap). Елдер бойынша картограммалар сияқты әдістер мен тәсілдер қарастырылды.

Нәтижелер мен талқылау

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасы Орталық Азиядағы тікелей шетелдік инвестициялардың (ТШИ) ірі алушыларының бірі болып табылады. Халықаралық ұйымдардың мәліметтері бойынша, ел өңірдің барлық шетелдік инвестицияларының шамамен 70%-ды құрайды, ал тәуелсіздік алғаннан бері тартылған ТШИ жиынтық көлемі 150 млрд доллардан асты.

2025 ж. ТШИ ағынының өсуі байқалды, тек 9 айдың ішінде инвестиция көлемі 14,9 млрд долларды құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 10,9%-ға артық.

Бұл ретте инвестициялардың құрылымы біртіндеп өзгеруде-шикізат бағытынан өнеркәсіпті, энергетиканы және агробизнесі дамытуға көшу байқалады.

Қазақстанның инвестициялық климатының күшті жақтары:

- ◆ Геостратегиялық жағдайы:

Қазақстан Еуропа мен Азия арасында орналасқан және Қытай, Ресей және Еуропа елдері арасындағы транзитті қоса алғанда, халықаралық көлік дәліздерінде маңызды рөл атқарады.

- ◆ Маңызды ресурстық әлеует:

Елімізде мұнай, газ, уран және металдардың ірі қорлары бар, бұл халықаралық энергетикалық және өндіруші компанияларды тартады.

- ◆ Өнеркәсіп пен инфрақұрылымды дамыту:

Соңғы жылдары жаңа өндірістік жобалар, әсіресе мұнай химиясы, металлургия және тыңайтқыштар өндірісінде белсенді дамып келеді.

- ◆ Инвесторларды институционалдық қолдау:

Елде арнайы экономикалық аймақтар, индустриялық парктер жұмыс істейді және инвестициялық жеңілдіктер жүйесі жұмыс істейді.

- ◆ Өңдеу өнеркәсібіне инвестициялардың өсуі:

2025 ж. өңдеу өнеркәсібіне инвестициялар 3,2 млрд долларға жетіп, 23,5%-ға өсті.

Инвестициялық климаттың әлсіз жақтары:

Оң динамикаға қарамастан, айтарлықтай проблемалар бар.

Экономиканың шикізатқа тәуелділігі. Тарихи тұрғыдан инвестициялардың едәуір бөлігі өндіруші секторға бағытталды, бұл экономиканы шикізаттың әлемдік бағасына тәуелді етеді.

Инвестицияларды біркелкі емес аймақтық бөлу. ТШИ-дың көп бөлігі ірі экономикалық орталықтар мен мұнай өндіретін өңірлерде – Алматы, Атырау және Астанада шоғырланған.

Сонымен қатар, оңтүстік және орталық аймақтар айтарлықтай аз инвестиция алады, бұл әлеуметтік-экономикалық диспропорцияны күшейтеді.

Бюрократиялық кедергілер және институционалдық тәуекелдер. Инвесторлар әкімшілік рәсімдердің күрделілігін және іскерлік ахуалды одан әрі жақсарту қажеттігін атап өтеді.

Экономиканы шектеулі әртараптандыру:

Өнеркәсіптің дамуына қарамастан, көптеген салалар әлі де жеткілікті технологиялық емес.

ТШИ-ды экономика секторлары бойынша бөлу. Соңғы жылдары шетелдік инвестициялардың құрылымы біртіндеп өзгеруде.

ТШИ шамамен құрылымы:

Экономика секторы үлесі:

- ◆ Өндіруші өнеркәсіп шамамен 39%;
- ◆ Өңдеу өнеркәсібі шамамен 23%;
- ◆ Көлік және логистика шамамен 10–12%;
- ◆ Қаржылық қызметтер шамамен 8–10%;
- ◆ Ауыл шаруашылығында – өсіп келе жатқан үлес.

Өңдеу өнеркәсібінің үлесі 16%-дан 23%-ға дейін ұлғайды, бұл экономиканы біртіндеп индустрияландыру туралы куәландырады.

ТШИ-ды аймақтар бойынша бөлуде инвестициялар біркелкі бөлінбейді.

Ең инвестициялық тартымды аймақтар:

- ◆ Алматы;

- ◆ Атырау облысы;
- ◆ Астана;
- ◆ Батыс Қазақстан облысы.

Бұлаймақтар дамыған инфрақұрылым мен шикізат базасының арқасында инвестициялардың ең көп үлесін алады. Инвестициялар ағыны жеткіліксіз өңірлер:

- ◆ Түркістан облысы;
- ◆ Жамбыл облысы;
- ◆ Қызылорда облысы;
- ◆ Солтүстік Қазақстан облысы.

Олардың көпшілігі индустрияландыру деңгейі төмен аграрлық немесе депрессиялық аймақтар. Шетелдік инвестицияларды пайдаланудың негізгі мәселелері:

- ◆ Экономиканы жаңғыртуға инвестициялардың жеткіліксіз интеграциясы;
- ◆ Шикізат секторындағы капиталдың шоғырлануы;
- ◆ Жоғары технологиялық өндірістердің нашар дамуы;
- ◆ Инвестициялардың аймақтық диспропорциясы.

ТШИ пайдалану тетігін жетілдіру жөніндегі ұсынымдар:

Жаһандық экономикалық тұрақсыздық жағдайында шаралар кешенін іске асыру қажет. Экономиканы әртараптандыру және инвестицияларды ынталандыру керек:

- ◆ машина жасау;
- ◆ химия өнеркәсібі;
- ◆ цифрлық экономика;
- ◆ жасыл энергетика.

Аграрлық өңірлерді дамыту үшін келесі іс-шараларды жасау керек:

- ◆ агроиндустриялық кластерлер;
- ◆ логистикалық орталықтар;
- ◆ қайта өңдеу кәсіпорындары.

Арнайы экономикалық аймақтарды кеңейту. Депрессиялық өңірлерде жаңа АЭА құру өңірлік диспропорцияларды төмендетуге мүмкіндік береді.

Инвестициялық заңнаманы жақсарту қажет:

- ◆ әкімшілік процедураларды жеңілдету;
- ◆ инвесторлардың құқықтарын қорғауды күшейту;
- ◆ реттеудің ашықтығын қамтамасыз ету.

Инновацияларды қолдау. Мемлекет инвестициялар ағынын ынталандыруы керек салалар:

- ◆ сандық технологиялар;
- ◆ ғылыми зерттеулер;
- ◆ стартап экожүйелері.

Қазақстандағы тікелей шетелдік инвестициялардың 2020–2025 жж. динамикасын талдау. Тікелей шетелдік инвестициялар ұлттық экономиканың дамуына, өндірістің жаңаруына, жаңа технологиялар мен басқару тәжірибесінің енгізілуіне маңызды әсер етеді. Қазақстан экономикасында ТШИ ерекше рөл атқарады, себебі елдің экономикалық дамуы көбіне табиғи ресурстарды игерумен және халықаралық капитал ағынымен байланысты. Соңғы жылдары әлемдік экономикалық өзгерістер мен геосаяси факторлар инвестициялық процестердің тұрақсыздығына әсер етті. Осыған байланысты 2020–2025 жылдар аралығындағы Қазақстанға тартылған тікелей шетелдік инвестициялардың ағынын талдау өзекті болып табылады.

ТШИ ағынының динамикасы. 2020–2025 жж. аралығында Қазақстандағы тікелей шетелдік инвестициялардың көлемі айтарлықтай құбылмалы болды. Пандемия кезеңінде инвестициялық ағындар төмендеп, кейінгі жылдары белгілі бір өсім байқалғанымен, соңғы кезеңде қайтадан төмендеу үрдісі қалыптасты.

2024 ж. Қазақстанда соңғы бірнеше онжылдықта алғаш рет шетелдік инвестициялардың таза кетуі байқалды. Бұл жағдай елдегі инвестициялық ахуалдың өзгеруін және сыртқы экономикалық факторлардың әсерін көрсетеді.

Пандемия кезеңіндегі инвестициялық құлдырау. 2021 ж. COVID-19 пандемиясы жаһандық экономикалық белсенділіктің төмендеуіне алып келді. Көптеген елдерде өндіріс көлемі қысқарып, халықаралық инвестициялық жобалар уақытша тоқтатылды. Қазақстан да осы үрдістен тыс қалған жоқ.

Кесте 1 – 2020–2025 жж. Қазақстандағы тікелей шетелдік инвестициялар ағынын талдау

Жылдар	ТШИ көлемі (млрд доллар)	Өзгеріс сипаты
2020	3,67	күрт төмендеу
2021	3,35	аздап төмендеу
2022	6,54	айтарлықтай өсім
2023	3,71	төмендеу
2024	-2,55	капиталдың кетуі
2025	төмендеу үрдісі	белгісіздік сақталуда

Ескертпе: Авторлар [16] дереккөз негізінде құрастырған.

Бұл кезеңдегі инвестициялық төмендеудің негізгі себептері:

- ◆ әлемдік экономикалық дағдарыс;
- ◆ халықаралық іскерлік байланыстардың шектелуі;
- ◆ шикізат жобаларының инвестициялық тартымдылығының төмендеуі.

Инвестициялық өсім кезеңі. 2022 ж. Қазақстанда ТШИ көлемі айтарлықтай өсіп, 6 млрд доллардан асты. Бұл көрсеткіш соңғы бес жылдағы ең жоғары деңгей болып саналады.

Өсудің негізгі факторлары:

- ◆ мұнай мен газ бағасының әлемдік нарықта жоғары болуы;
- ◆ мұнай-газ секторындағы ірі халықаралық компаниялардың белсенділігі;
- ◆ шикізат секторындағы компаниялар табысының артуы.

Осы кезеңде Қазақстан посткеңестік кеңістікте инвестиция тарту көлемі бойынша жетекші орындардың біріне ие болды.

Инвестициялардың төмендеуі. 2023 ж. инвестициялық ағын 3,7 млрд долларға дейін төмендеді. Бұл төмендеу негізінен мұнай-газ саласындағы ірі инвестициялық жобалардың аяқталуымен байланысты болды.

Негізгі себептер:

- ◆ ірі мұнай-газ жобаларының аяқталуы;
- ◆ компаниялардың пайданы қайта инвестициялау көлемінің азаюы;
- ◆ әлемдік экономикалық белгісіздіктің күшеюі.

Капиталдың кетуі кезеңі. 2024 ж. Қазақстан экономикасында шамамен 2,5 млрд доллар көлемінде таза ТШИ кетуі тіркелді. Бұл инвестициялық үрдістердің өзгергенін көрсетеді.

Капиталдың кетуінің негізгі себептері:

- ◆ ірі инвестициялық жобалардың аяқталуы;
- ◆ шетелдік инвесторлардың дивидендтер мен табысты елден шығаруы;
- ◆ реттеуші және салықтық тәуекелдердің өсуі;
- ◆ капиталдың басқа дамушы нарықтарға бағытталуы.

ТШИ-дың салалық құрылымы. Қазақстан экономикасында шетелдік инвестициялар негізінен табиғи ресурстар секторына бағытталған. Инвестициялардың басым бөлігі келесі салаларға тиесілі:

- ◆ мұнай-газ өнеркәсібі;
- ◆ тау-кен өндіру саласы;
- ◆ өңдеуші өнеркәсіп;
- ◆ көлік және логистика;
- ◆ энергетика және жаңартылатын энергия көздері.

Бұл жағдай Қазақстан экономикасының шикізатқа бағытталған құрылымын көрсетеді. Негізгі инвестор елдер. Қазақстан экономикасына инвестиция салатын негізгі елдер қатарына мыналар жатады: Нидерланд, АҚШ, Швейцария, Ресей, Қытай. Аталған мемлекеттердің үлесіне Қазақстанға тартылған барлық шетелдік инвестициялардың шамамен 60–70 пайызы тиесілі.

Жүргізілген талдау бойынша 2020–2025 жж. аралығында Қазақстандағы тікелей шетелдік инвестициялар динамикасының тұрақсыз болғанын көрсетеді. Пандемия кезеңіндегі құлдыраудан кейін 2022 ж. инвестициялық өсім байқалғанымен, кейінгі жылдары инвестициялық ағын қайта төмендеп, 2024 ж. капиталдың кетуі тіркелді.

Бұл жағдай Қазақстан экономикасының шикізат секторына тәуелді екенін және жаһандық экономикалық факторлардың инвестициялық процестерге айтарлықтай әсер ететінін көрсетеді.

Қазақстанда тікелей шетелдік инвестициялардың тұрақты өсуін қамтамасыз ету үшін:

- ◆ экономиканы әртараптандыру;
- ◆ өңдеуші өнеркәсіпті дамыту;
- ◆ инвестициялық ахуалды жақсарту;
- ◆ инновациялық және цифрлық экономиканы дамыту қажет.

Қазақстан шетелдік инвесторлар үшін инвестициялық тартымдылығы жоғары ел ретінде танылып отыр. Тікелей шетелдік инвестициялардың негізгі және тұрақты үлесін қамтамасыз ететін алғашқы он елдің қатарына Нидерланды, АҚШ, Швейцария, Бельгия, Ресей, Оңтүстік Корея, Қытай, Франция, Ұлыбритания және Германия жатады.

ЭСКАТО-ның Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия және Тынық мұхиты өңірі бойынша экономикалық және әлеуметтік комиссиясының деректеріне сәйкес, 2024 ж. Қазақстан жаңа жобаларға 15,7 млрд АҚШ долларын тартып, Солтүстік және Орталық Азия елдері арасында инвестиция көлемі бойынша бірінші орынға шықты.

Бұл көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда 88%-ға жоғары. Жалпы инвестицияның негізгі бөлігі – 11 млрд доллар Катардың UCC Holding компаниясына тиесілі болды. Аталған компания газ өңдеу зауытын салу және газ тасымалдау инфрақұрылымын дамыту жобаларына қаржы құйды.



Сурет 1 – 2024 ж. үздік 10 инвестор ел

Ескертпе: Авторлар [1] дереккөз негізінде құрастырған.


Соңғы жылдары Қазақстандағы инвестор елдердің қатарында Нидерланды мен АҚШ алдыңғы орынға шықты. Нидерландының жоғары үлесі, негізінен, халықаралық мұнай-газ консорциумдарына қатысатын, соның ішінде Қашаған мен Қарашығанақ жобаларына тартылған Royal Dutch Shell компаниясының осы елде тіркелуімен байланысты.

АҚШ өз тарапынан теңіз жобалары мен Қашаған кен орнындағы жобалардың елеулі үлесін иеленетін Chevron және ExxonMobil компаниялары арқылы белсенді инвестиция жүзеге асырып келеді. Швейцария Glencore секілді компаниялар арқылы металлургия саласына, соның ішінде түсті металдар өндірісіне қаржы құяды, ал Бельгия мұнай өңдеу активтеріне инвестиция бағыттайды. Ресей негізінен мұнай-газ секторына, банк жүйесіне және өнеркәсіп салаларына маманданған.

Қытай уран өнеркәсібіне, мұнай-газ кен орындарын игеруге, сондай-ақ инфрақұрылымдық жобаларға, оның ішінде көлік пен энергетика саласына белсенді инвестиция құюда. Ал Оңтүстік Корея, Франция, Ұлыбритания және Германия өндіріс, энергетика, көлік және жоғары технологиялар бағыттарына қаржы салуда.

Соңғы 30 жылда Алғаш рет Қазақстан тікелей шетелдік инвестицияларды тарту бойынша Орталық Азиядағы көшбасшы мәртебесінен айырылды. БҰҰ-ның Сауда және даму жөніндегі конференциясы (ЮНКТАД) ұсынған есепке сәйкес, 2024 жылдың қорытындысы бойынша

елге тартылған инвестициялардың таза ағыны теріс мәнге ие болып, 2,55 млрд АҚШ долларын құрады.



Сурет 2 – Аймақтар мен экономикалар бойынша

Ескертпе: Авторлар [2] дереккөз негізінде құрастырған.

1992 жылдан бастап Қазақстан тартылған инвестициялар көлемі бойынша өңірде бірінші орынды иеленді. Алайда, 2024 ж. республика Орталық Азия елдері арасында соңғы орынға түсті.

Өткен жылы шетелдік инвестициялар ағыны бойынша Өзбекстан – \$2,8 млрд көшбасшы болды, одан кейін Түркменстан (\$1,6 млрд), Қырғызстан (7 705 млн) және Тәжікстан (2 291 млн).

Кесте 2 – 2020–2024 жж. аймақтар мен экономикалар бойынша инвестициялар көлемі

Region / economy	2020	2021	2022	2023	2024
Central Asia	6539	7226	10205	7548	2927
Kazakhstan	3670	3353	6542	3714	-2550
Kyrgyzstan	-402	226	55	159	705c
Tajikistan	107b	84b	174b	141b	291b
Turkmenistan	1436b	1287c	936c	1378c	1645c
Uzbekistan	1728b	2275b	2498b	2156b	2836b

Ескертпе: Авторлар [2] дереккөз негізінде құрастырған.

Осы талдау негізінде аймақ елдері арасында Қырғызстандағы инвестициялардың теріс балансы жиі тіркелді – 2000 ж. (-\$2 млн), 2017 жылы (-\$107 млн) және 2020 жылы (-\$402 млн). Өзбекстан бір рет – 1995 ж. (-\$24 млн) минус болды.

Дамыған экономикаларға тікелей шетелдік инвестициялар да қысқарды. Құлдырау 22% құрады. Еуропа ең көп зардап шекті: 2024 ж. ТШИ ағыны 58%-ға қысқарды. Германияда (-89%), Испанияда (-39%), Италияда (-24%) және Францияда (-20%) күрт төмендеу байқалды.

Жалпы, жаһандық нарықта төмендеуді көрсетеді. UNCTAD мәліметтері бойынша, 2024 ж. әлемдегі тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы көлемі 11%-ға қысқарып, 11,5 трлн құрады. Бұл құлдырау тіркелген екінші жыл қатарынан. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мәліметі бойынша, бесжылдықтың қорытындысы бойынша Нидерланды инвестицияның негізгі көзі болып табылады, жалпы инвестиция көлемі 30,3 млрд. Ресей 11,7 млрд доллармен екінші орында, ал АҚШ 10,3 млрд доллармен үшінші орында.

Айта кету керек, АҚШ-тағы белсенділік көрсеткіші төмендеді. 2023 ж. АҚШ-та тікелей шетелдік инвестициялар шамамен 80%-ға қысқарды, ал 2024 ж. таза экспорт 869,8 млн АҚШ долларын құрады. Керісінше, Ресей барған сайын белсенді бола түсуде: 2023 ж. оның инвестициялары 2022 жылмен салыстырғанда 1543,1-ден 3055,1-ге яғни екі есеге өсті.

Кесте 3 – 2020–2024 жж. ҚР ҰБ соңғы бесжылдық мәліметі бойынша

	2024	2023	2022	2021	2020	Қорытынды
Ресей Федерациясы	4 050,2	3 055,1	1543,1	1900,9	1196,8	11746,0
	33%	98%	-19%	59%		
Нидерланды	3816,1	5934,0	8462,3	6962,4	5157,2	30332,0
	-36%	-30%	22%	35%		
Оңтүстік Корея	1222,9	1175,1	1488,5	805,5	451,5	5143,4
	4%	-21%	85%	78%		
Бельгия	1205,5	1006,1	1560,5	1069,0	791,3	5632,6
	20%	-36%	46%	35%		
Қытай	1191,2	2046,9	1432,7	1848,3	960,7	7479,8
	-42%	43%	-22%	92%		
АҚШ	-869,8	1039,2	5112,3	2808,3	2240,2	10330,3
	-184%	-80%	82%	25%		
Ескертпе: Авторлар [3] дереккөз негізінде құрастырған.						

Шетелдік инвестицияларды тартатын компаниялар. Тау-кен өнеркәсібі бұрынғыдай тікелей шетелдік инвестициялардың ең ірі алушысы болып қалып отыр (2024 ж. – 6,4 млрд АҚШ доллары). Дегенмен, соңғы жылдардағы үрдіс Қазақстан экономикасының біртіндеп әртараптандырылып жатқанын аңғартады. 2024 ж. экономиканың түрлі салаларына 17 млрд АҚШ долларынан астам көлемде шетелдік инвестиция бағытталды.

Кесте 4 – 2020–2024 жж. Қызмет түрлері бойынша инвестиция көлемі.

Қызмет түрінің атауы	2020	2021	2022	2023	2024
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	9,5	36,3	32,5	49,5	26,1
Тау-кен өнеркәсібі және карьерлер қазу	8226,5	9723,8	12080,0	5378,7	2837,8
Өңдеу өнеркәсібі	3175,8	5466,6	5554,2	5378,7	2837,8
Электрмен жабдықтау, газ, бу беру ауаны баптау	134,6	229,4	635,6	400,0	370,8
Сумен жабдықтау: канализация жүйесі, қалдықты жинау таратуды бақылау.	42,8	7,2	11,6	10,3	15,0
Құрылыс	514,3	722,3	702,3	1031,1	289,6
Көтерме және бөлшек сауда: автокөліктер мен мотоциклдерді жөндеу	2638,6	3716,9	5251,8	4990,0	5337,1
Көлік және қойма	897,3	1015,2	1173,6	1119,5	170,1
Тұру және тамақтану қызметтері	112,1	160,5	104,6	161,8	16,6
Ақпарат және байланыс	211,3	428,3	394,7	378,5	571,9
Қаржылық қызмет және сақтандыру қызметі	1001,0	1614,4	650,6	937,7	485,9
Жылжымайтын мүлікпен жасалған операциялар	-105,6	-9,6	102,7	379,3	-560,0
Кәсіби және ғылыми-техникалық қызмет көрсету саласы.	219,4	540,2	1250,7	368,8	916,5
Әкімшілік-басқарушылық және қолдау көрсету бағытындағы қызмет.	154,9	126,7	130,8	85,9	74,2
Білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер, өнер, ойын-сауық және демалыс	23,1	23,5	60,5	38,1	30,1
Қызметтердің басқа түрлерін ұсыну	-100,7	8,3	35,4	30,0	98,8
Барлығы	17 155	23 810	28 171	23 986	17 162
Ескертпе: Авторлар [3] дереккөз негізінде құрастырған.					

Шикізаттық емес секторларға айтарлықтай назар аударылуда: сауда және автокөлік жөндеу саласына 5,3 млрд АҚШ доллары көлемінде инвестиция бағытталған, сондай-ақ өңдеу өнеркәсібі, телекоммуникация және қаржы қызметтері де басымдыққа ие. Әсіресе бөлшек және көтерме сауда қарқынды дамып келеді, бұл ішкі нарықтың белсенділігін және халықаралық ритейлерлердің қызығушылығын айқын көрсетеді. 2024 ж. инвестициялардың ең көп көлемі Алматы қаласына бағытталды, оның мөлшері 5,8 млрд АҚШ долларын құрады. Бұл қаладағы қаржылық және іскерлік инфрақұрылымның дамуы, сондай-ақ сауда, қаржы және қызмет көрсету саласында жұмыс істейтін компаниялар үшін тартымдылығының жоғары болуымен байланысты. Мұнай-газ саласындағы жобалар Батыс Қазақстан облысына 1,9 млрд доллар инвестиция тартты. Атырау облысына жыл бойына инвестиция көлемі ауытқуларға қарамастан 1,86 млрд доллар болды. Маңғыстау облысына мұнай-газ саласының ерекшеліктеріне сәйкес 1,15 млрд доллар инвестиция түсті. Сонымен қатар, орталық және оңтүстік өңірлерде инвестициялық белсенділік төмен деңгейде қалды.

Кесте 5 – 2020–2024 жж. инвестицияларды өңірлер бойынша бөлу

Облыс атауы	2020	2021	2022	2023	2024
Алматы қаласы	5024,9	6768,4	7575,2	7722,0	5789,7
Батыс Қазақстан облысы	1149,0	1044,6	1155,6	1233,0	1907,6
Атырау облысы	5486,5	5566,7	8260,2	4238,2	1857,2
Маңғыстау облысы	190,8	876,4	804,0	1113,6	1147,6
Түркістан облысы	304,0	909,6	592,9	857,6	1144,2
Астана қаласы	616,6	1085,1	2252,6	2149,8	968,1
Абай облысы (Семей қаласы)	438,9	279,3	198,8	40,6	775,3
Шығыс Қазақстан облысы	1590,3	2134,4	2201,6	1677,6	571,8
Ақмола облысы	72,3	59,5	376,3	421,9	501,0
Қостанай облысы	469,1	998,5	685,4	397,8	499,0
Ақтөбе облысы	384,3	1361,5	1208,3	997,9	435,7
Қарағанды облысы	93,0	722,6	354,7	439,0	387,6
Павлодар облысы	796,6	1029,3	1151,9	934,2	354,8
Алматы облысы (Қонаев қаласы)	258,4	476,3	686,6	875,4	243,5
Солтүстік Қазақстан облысы	0,0	34,5	104,8	302,5	140,5
Шымкент қаласы	123,3	141,0	148,7	88,2	129,8
Қызылорда облысы	121,6	247,3	330,7	280,1	128,0
Ұлытау облысы (Жезқазған қаласы)	-28,7	19,9	-2,4	-11,2	114,1
Жетісу облысы (Талдықорған қаласы)	29,7	35,0	23,4	45,0	34,2
Жамбыл облысы	34,8	20,2	62,0	182,9	32,0
Барлығы	17155	23810	28171	23986	17162
Ескертпе: Авторлар [3] дереккөз негізінде құрастырған.					

Егер Солтүстік және Орталық Азия аймағы туралы айтатын болсақ, Ол алдыңғы қатарда, Өйткені Қазақстан барлық инвестициялардың шамамен 70%-на иелік етеді.


Қазақстан Республикасының экономикалық дамуына шетелдік инвестициялардың әсері:

♦ Бұл макроэкономикалық және құрылымдық әсерлерге жатады: жобалар ұлттық инфрақұрылымды кешенді жаңғыртуға, өнеркәсіптік әлеуетті арттыруға және ішкі әрі сыртқы сауда жағдайларын жақсартуға мүмкіндік беретін зауыттар, көлік желілері мен энергетикалық объектілердің құрылысын қамтиды.

♦ Инфрақұрылымды жаңғырту және технологиялық дамуды қамтамасыз ету. Қазақстанның энергетикалық және көліктік байланыстарын күшейту үшін магистральдық құбырлар салуға, теміржол желілерін жаңартуға және логистикалық хабтар құруға инвестициялар бағытталуда.

Сонымен қатар, күн және жел электр станциялары сияқты жаңартылатын энергия көздері мен цифрлық инфрақұрылым да дамып келеді.

♦ Қаржы секторы мен институционалдық құрылымдарды қайта құру барысында шетелдік инвесторлар қаржы институттарына капитал тартуға, қаржы өнімдерін әртараптандыруға және банк секторында заманауи технологияларды енгізуге елеулі үлес қосуда. Мысалы, қазақстандық «Береке» Банкіне қатарлық компанияның үлесін сатып алуы қаржылық тұрақтылықты күшейтуге, басқаруда халықаралық стандарттарды енгізуге және клиенттер мен инвесторлардың сенімін арттыруға бағытталған стратегиялық серіктестіктің айқын үлгісі болды.



Сурет 3 – Солтүстік және Орталық Азияда инвестицияларды бөлу

Ескертпе: Авторлар [4] дереккөз негізінде құрастырған.

Әлеуметтік әсер мен адами капиталды дамыту аясында халықаралық компаниялар қызметкерлерді оқыту мен дамытуға, сондай-ақ денсаулық сақтау мен білім беру жобаларына инвестиция салуда. 2024 ж. жалпы құны 1,3 млрд АҚШ долларын құрайтын 45 жоба іске асырылып, 6 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылды.

Тауар өнеркәсібінің шетелдік инвестицияларға артық тәуелді болуы оның сыртқы экономикалық өзгерістерге сезімтал болуына әкеледі, бұл оң нәтижелерге қарамастан осалдықты тудырады. 2023 ж. мұнайдың әлемдік бағасының төмендеуі мен шетелдік акционерлердің пайдасын қайтаруының нәтижесінде тікелей шетелдік инвестициялар жалпы ағыны 16,9%-ға қысқарып, 2022 жылғы 28,2 млрд АҚШ долларынан 23,4 млрд АҚШ долларына жетті.

Сонымен қатар, таза капитал ағыны шамамен екі есе қысқарып, 6,5 млрд доллардан 3,2 млрд долларға дейін төмендеді.

Бұл өзгерістер инвестициялық стратегияны қайта қарау және өңдеу өнеркәсібі, цифрландыру және көлік дәліздері сияқты шикізаттық емес секторларға ұзақ мерзімді капиталды тарту бойынша күш-жігерді шоғырландыру қажеттілігін көрсетеді.

Қорытынды

Қорыта келе жүргізілген талдау бойынша 2020–2025 жж. аралығында Қазақстандағы тікелей шетелдік инвестициялар динамикасының тұрақсыз болғанын көрсетеді. Пандемия кезеңіндегі құлдыраудан кейін 2022 ж. инвестициялық өсім байқалғанымен, кейінгі жылдары инвестициялық ағын қайта төмендеп, 2024 ж. капиталдың кетуі тіркелді.

Бұл жағдай Қазақстан экономикасының шикізат секторына тәуелді екенін және жаһандық экономикалық факторлардың инвестициялық процестерге айтарлықтай әсер ететінін көрсетеді.

Қазақстанда тікелей шетелдік инвестициялардың тұрақты өсуін қамтамасыз ету үшін:

- ♦ экономиканы әртараптандыру;
- ♦ өңдеуші өнеркәсіпті дамыту;
- ♦ инвестициялық ахуалды жақсарту;
- ♦ инновациялық және цифрлық экономиканы дамыту қажет.

Тікелей шетелдік инвестициялардың негізгі бөлігі дәстүрлі түрде мұнай-газ, тау-кен өнеркәсібі және қызмет көрсету салаларына бағытталған. Сонымен қатар, соңғы жылдары өндіріске, энергетикаға, көлікке және ақпараттық технологияларға инвестициялық басымдықтардың біртіндеп ауысуы байқалады, Бұл Қазақстанның экономикасын әртараптандыруға және шикізатқа тәуелділікті азайтуға деген ұмтылысын көрсетеді.

Тікелей шетелдік инвестиция әсері бірқатар оң әсерлерден көрінеді:

- ◆ Жұмыспен қамтудың және халықтың табыс деңгейінің өсуі;
- ◆ Заманауи технологиялар мен басқару тәжірибелерін енгізу;
- ◆ Экспорттық әлеуетті арттыру;
- ◆ Салық базасын және бюджеттік түсімдерді кеңейту.

Алайда, белгілі бір проблемалар да сақталуда – инвестицияларды өңірлер бойынша біркелкі бөлу, шикізат салаларының жоғары үлесі, сондай-ақ отандық кәсіпорындардың трансұлттық өндірістік тізбектерге жеткіліксіз тартылуы.

Болашақта тікелей шетелдік инвестицияны пайдалану тиімділігін арттыру инвестициялық саясатты жетілдіруді, инвесторлар үшін құқықтық кепілдіктерді нығайтуды, инновациялық инфрақұрылымды дамытуды және жоғары технологиялық және ғылымды қажетсінетін салаларға инвестициялар ағыны үшін қолайлы жағдайлар жасауды талап етеді.

Қазақстанның 2026 жылғы инвестициялық ахуалы шетелдік инвесторлар үшін салыстырмалы түрде жоғары тартымдылығымен және ТШИ ағынының тұрақты өсуімен сипатталады. Алайда экономиканың шикізатқа тәуелділігі және инвестициялардың өңірлік біркелкі бөлінбеуі проблемалары сақталуда.

Шетелдік инвестицияларды пайдалану тиімділігін арттыру үшін экономиканы әртараптандыруды күшейту, өңдеу өнеркәсібі мен Аграрлық өңірлерді дамытуды ынталандыру, сондай-ақ инвесторлар үшін институционалдық ортаны жетілдіру қажет.

Осы шараларды іске асыру Қазақстан экономикасын жаңғыртуды қамтамасыз етуге және жаһандық экономикалық тұрақсыздық жағдайында оның орнықтылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Жүргізілген зерттеу келесі қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Біріншіден, шетелдік инвестициялар Қазақстан экономикасының экономикалық өсуін және жаңғыртылуын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Екіншіден, шетелдік инвестициялардың құрылымы негізінен шикізатқа негізделген болып қала береді, бұл экономиканы әртараптандыру бойынша қосымша шараларды қажет етеді. Үшіншіден, инвестициялық ағындарды бөлуде айтарлықтай аймақтық дифференциация бар, бұл аграрлық және депрессиялық аймақтарға инвестициялық қолдауды күшейтуді қажет етеді.

Шетелдік инвестициялардың тиімділігін арттыру және Қазақстан экономикасын жаңғыртуды жеделдету үшін келесі шараларды жүзеге асыру ұсынылады: мемлекеттік инвестициялық саясаттың тетіктерін жетілдіру; өңдеу өнеркәсібі мен инновациялық секторларға инвестициялар ағынын ынталандыру; арнайы экономикалық аймақтар мен өнеркәсіптік кластерлерді дамыту; аймақтық инвестициялық инфрақұрылымды жетілдіру; және реттеушілік ашықтықты және инвесторларды қорғауды арттыру. Бұл шараларды енгізу Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын арттырады және жаһандық экономикалық тұрақсыздық жағдайында тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Статистикалық мәліметтер (млн АҚШ доллары). URL: <https://research.un.org/ru/docs/unsystem/escap> (өтініш берілген күн: 05.10.2025)

2 UN. Trade and Development (UNCTAD). URL: <https://unctad.org/publication/world-investment-report-2025> (accessed: 05.10.2025)

3 Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі: URL: <https://www.nationalbank.kz/ru/news/informacionnye-soobshcheniya/17827> (өтініш берілген күн: 07.10.2025)

4 ESCAP. Data from the United Nations Economic and Social Commission for Asia and the Pacific. URL: <https://research.un.org/ru/docs/unsystem/escap> (accessed: 07.10.2025)

5 Report of the United Nations conference on trade and Development (UNCTAD). URL: <https://unctad.org/> (accessed: 07.10.2025)

6 Krugman P., Obstfeld M., Melits M. *International Economics: Theory and Policy* (11th ed., 2017; updated in 2022). Basic academic textbook on International Economics. URL: <https://institutions.com/download/books/1924-mezhdunarodnaya-ekonomika-teoriya-i-politika-krugman.html> (accessed: 07.10.2025)

7 Родрик Д. *Straight Talk on Trade // A critical look at globalization, international markets, and the role of investment*. URL: <https://www.perlego.com/paid/book/740126/straight-talk-on-trade-ideas-for-a-sane-world-economy> (accessed: 07.10.2025)

8 Baldwin R. *The Great Convergence // Explain the new wave of globalization, the digital economy and transnational investments*. 2016. Vol. 2. No. 4. P. 1413–1451.

9 Krueger A.O. *International Trade: what Everyone Needs to Know // Modern Review of International Trade and investment in an accessible form*. 2020. Vol. 2. P. 2113–2131.

10 UNCTAD. *World Investment Report // Main source on mandatory International Investment for scientific research: annually, 2015–2024*. URL: https://unctad.org/system/files/official-document/wir2024_overview_ru.pdf (accessed: 21.09.2025)

11 OECD. *International Investment Perspectives. Updates until 2023* URL: https://www.oecd.org/en/publications/international-investment-perspectives_19990936.html (accessed: 20.09.2025)

12 Peter A.G. van Bergeijk-Deglobalization 2.0: Trade and Openness During the Great Recession and After. 2019. is a new Classic on how global investment will change after crises. URL: https://papers.ssrn.com/sol3/papers.cfm?abstract_id=3393647 (accessed: 07.09.2025)

13 Sauvart K.P. (ed. *Yearbook on International Investment Law and Policy* (annual volumes 2015-2023) is an authoritative source on International Investment Law and policy. URL: https://scholarship.law.columbia.edu/sustainable_investment_books/15/ (accessed: 15.09.2025)

14 Jonathan Eaton, Samuel Kortum, Brent Neiman, John Romalis. *Trade and Capital Flows: a General Equilibrium Approach* (2016, NBER) is a modern theoretical framework for international investment analysis. URL: https://www.nber.org/system/files/working_papers/w16666/w16666.pdf (accessed: 15.09.2025)

15 Baldwin R., Forslid R. *Globotics and Development: When Manufacturing is Job One*. 2021. URL: https://papers.ssrn.com/sol3/papers.cfm?abstract_id=3535321 (accessed: 09.10.2025)

16 Шетелдік тікелей инвесторлардан Қазақстанға тікелей инвестициялардың жалпы ағыны. URL: https://eri.kz/kz/Novosti_instituta/id=7498/arch=2025_538 (өтініш берілген күн: 13.03.2026)

REFERENCES

1 Qazaqstan Respublikasynyñ Ûlttyq Bankı Statistikalıyq mälmetter (mln AQŞ dolları). URL: <https://research.un.org/ru/docs/unsystem/escap> (ötiniş berilgen күн: 05.10.2025) (In Kazakh)

2 UN. *Trade and Development* (UNCTAD). URL: <https://unctad.org/publication/world-investment-report-2025> (In English)

3 Qazaqstan Respublikasy Ûlttyq Bankı: URL: <https://www.nationalbank.kz/ru/news/informacionnye-soobshcheniya/17827> (ötiniş berilgen күн: 07.10.2025) (In Kazakh)

4 ESCAP. *Data from the United Nations Economic and Social Commission for Asia and the Pacific*. URL: <https://research.un.org/ru/docs/unsystem/escap> (In English)

5 *Report of the United Nations conference on trade and Development* (UNCTAD). URL: <https://unctad.org/> (In English)

6 Krugman P., Obstfeld M., Melits M. *International Economics: Theory and Policy* (11-e izd., 2017; aktualizirovano v 2022). Basic academic textbook on International Economics. URL: <https://institutions.com/download/books/1924-mezhdunarodnaya-ekonomika-teoriya-i-politika-krugman.html> (In English)

7 Rodrik D. *Straight Talk on Trade // A critical look at globalization, international markets, and the role of investment*. URL: <https://www.perlego.com/paid/book/740126/straight-talk-on-trade-ideas-for-a-sane-world-economy> (In English)

8 Baldwin R. (2016) *The Great Convergence // Explain the new wave of globalization, the digital economy and transnational investments*. Vol. 2. No. 4. P. 1413–1451. (In English)

9 Krueger A.O. (2020) *International Trade: what Everyone Needs to Know // Modern Review of International Trade and investment in an accessible form*. Vol. 2. P. 2113–2131. (In English)

10 UNCTAD. *World Investment Report // main source on mandatory International Investment for scientific research: annually, 2015–2024*. URL: https://unctad.org/system/files/official-document/wir2024_overview_ru.pdf (In English)

11 OECD. *International Investment Perspectives. Updates until 2023*. URL: https://www.oecd.org/en/publications/international-investment-perspectives_19990936.html (In English)

12 Peter A.G. van Bergeijk-Deglobalization 2.0: Trade and Openness During the Great Recession and After. 2019. is a new Classic on how global investment will change after crises. URL: https://papers.ssrn.com/sol3/papers.cfm?abstract_id=3393647 (In English)

13 Sauvart K.P. (ed. Yearbook on International Investment Law and Policy (annual volumes 2015-2023) is an authoritative source on International Investment Law and policy. URL: https://scholarship.law.columbia.edu/sustainable_investment_books/15/ (In English)

14 Jonathan Eaton, Samuel Kortum, Brent Neiman, John Romalis. Trade and Capital Flows: a General Equilibrium Approach (2016, NBER) is a modern theoretical framework for international investment analysis. URL: https://www.nber.org/system/files/working_papers/w16666/w16666.pdf (In English)

15 Baldwin R., Forslid R. (2021) Globotics and Development: When Manufacturing is Job One. URL: https://papers.ssrn.com/sol3/papers.cfm?abstract_id=353532 (In English)

16 Шетелдік тікеlei investorlardan Qazaqstanға тікеlei investisialardyñ jalpy aǵyny. URL: https://eri.kz/kz/Novosti_instituta/id=7498/arch=2025_538 (ötiniş berilgen күn: 13.03.2026) (In Kazakh)

БАРЛЫКОВ Е.К.,*¹

к.э.н., ассоциированный профессор.

*e-mail: barlykov.yerbolat@kaznaru.edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-2248-7310

АБДИБЕКОВ С.У.,¹

к.э.н., ассоциированный профессор.

e-mail: Saken_Abdibekov@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-9926-9450

САУРУКОВА А.К.,¹

к.э.н., ассоциированный профессор.

e-mail: aika_s08@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-7463-0545

БАКИРБЕКОВА А.М.,¹

к.э.н., профессор.

e-mail: aigul.bakirbek@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-0981-8306

¹Казахский национальный аграрный

исследовательский университет,

г. Алматы, Казахстан

РОЛЬ ИНОСТРАННЫХ ИНВЕСТИЦИЙ В ЭКОНОМИЧЕСКОМ РАЗВИТИИ КАЗАХСТАНА

Аннотация

В статье всесторонне проанализировано влияние иностранных инвестиций на процесс экономического развития Республики Казахстан. В исследовании рассматривается вклад иностранного капитала в индустриально-инновационный рост, модернизацию производственной инфраструктуры, внедрение современных технологий и опыта управления. Дифференцируются нормативно-правовая база и механизмы поддержки инвестиционной политики, определяются структурные особенности и основные направления прямых иностранных инвестиций. Вместе с тем наряду с положительным влиянием иностранных инвестиций на экономический рост отражаются риски, возникающие в связи с национальной безопасностью, оттоком капитала и конкурентоспособностью отечественного производства. Результаты исследования показывают, что эффективное управление иностранными инвестициями является важным фактором диверсификации и обеспечения устойчивого развития экономики Казахстана. Иностранные инвестиции оказывают значительное положительное влияние на экономику Казахстана, стимулируя модернизацию инфраструктуры, внедрение технологий, развитие финансового сектора и человеческого капитала. Однако зависимость от сырьевых отраслей делает страну уязвимой к внешним потрясениям, особенно в 2024 г., что подтверждается недавним сокращением притока ПИИ и оттоком капитала, для устойчивого роста Казахстану необходимо диверсифицировать вложения с привлечением долгосрочного капитала в обрабатывающую промышленность, цифровую экономику и транспортные коридоры, а также повысить устойчивость инвестиционного климата. Инвестиции в реконструкцию инфраструктуры и технологическое развитие в строительстве магистральных трубопроводов, модернизацию железнодорожных линий и создание логистических узлов позволят укрепить энергетические

и транспортные связи Казахстана. Также развиваются возобновляемые источники энергии (солнечные и ветряные электростанции) и цифровая инфраструктура. Предлагаемые рекомендации по научной и практической значимости результатов исследования могут быть полезны при разработке государственных программ, а также для частных структур.

Ключевые слова: иностранные инвестиции, национальная экономика, микроэкономика, макроэкономика, государственные облигации, инвестиционная политика, экономический рост, прямые инвестиции.

BARLYKOV Y.K.,*¹

c.e.s., associate professor.

*e-mail: barlykov.yerbolat@kaznaru.edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-2248-7310

ABDIBEKOV S.U.,¹

c.e.s., associate professor.

e-mail: Saken_Abdibekov@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-9926-9450

SAURUKOVA A.K.,¹

c.e.s., associate professor.

e-mail: aika_s08@mail.ru,

ORCID ID: 0000-0002-7463-0545

BAKIRBEKOVA A.M.,¹

c.e.s., professor.

e-mail: aigul.bakirbek@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-0981-8306

¹Kazakh National Agrarian Research University,

Almaty, Kazakhstan

THE ROLE OF FOREIGN INVESTMENTS IN THE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN

Abstract

The article provides a detailed examination of how foreign investments influence the economic development of the Republic of Kazakhstan. The study examines the contribution of foreign capital to industrial and innovative growth, modernization of production infrastructure, introduction of modern technologies and management experience. The regulatory framework and mechanisms for supporting investment policy are differentiated, and the structural features and main directions of foreign direct investment are determined. At the same time, along with the positive impact of foreign investments on economic growth, the risks arising from national security, capital outflow and competitiveness of domestic production are reflected. The results of the study show that effective management of foreign investments is an important factor in diversifying and ensuring the sustainable development of Kazakhstan's economy. However, dependence on raw materials industries makes the country vulnerable to external shocks, especially in 2024, as evidenced by the recent decline in FDI inflows and capital outflows. For sustainable growth, Kazakhstan needs to diversify investments into manufacturing, the digital economy and transport corridors, as well as increase the sustainability of the investment climate. Investments in infrastructure reconstruction and technological development in the construction of main pipelines, modernization of railway lines and creation of logistics hubs will strengthen Kazakhstan's energy and transport links. The use of renewable energy sources (solar and wind power plants) and digital infrastructure is also developing. The proposed recommendations on the scientific and practical significance of the research results can be useful for both government program development and private organizations.

Keywords: foreign investment, national economy, microeconomics, macroeconomics, government bonds, investment policy, economic growth, direct investment.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 11.10.2025